

Байқауда бағы жанды

Байтұрсынұлының үздік мақаласы байқауы



Ахмет Байтұрсынұлының тіл мұрасы» облыстық байқауында арқалықтықтар екі бірдей жүлделі орынға ие болды.

«Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығының ұйымдастыруымен өткен байқаудың мақсаты – ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын БАҚ арқылы зерттеу және насихаттау. Байқау ережесі бойынша Ахмет Байтұрсынұлының өміріне, қызметіне, мұрасына арналған осы жылы қалалық, аудандық және облыстық баспасөз беттерінде, БАҚ-та жарияланған мақалалар ұсынылды. Жұмысты бағалау кезінде тақырыптың мазмұнына, идеясына, құрылымына, көркемдігіне және жан-жақты ашылуына назар аударылды.

«Байқаудың қалалық деңгейінің іріктеу кезеңінен үздік деп танылған бес жұмыс облысқа жіберілген бо-

латын. Нәтижесінде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының аға оқытушысы Ардақ Абдулинаның мақаласы жүлделі бірінші орынға лайық деп танылды. Сондай-ақ, жүлделі үшінші орында «Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап - ғылыми кітапханасының» қызметкері Гүлназ Жақия иеленді. Жүлдегерлердің барлығы облыстық мәдениет басқармасының Алғыс хаттары мен жүлдегер дипломы және қаржылай сыйлықтарға ие болды.

– Біз жеңімпаздарымызды құттықтаймыз! Үшқыр қаламдарынан әлі талай тағылымды туындылар күтеміз! – дейді қалалық тілдерді оқыту орталығының басшысы Гүлхашима Оразова.

Арқалық қаласы.